

## Атырау облысының әкімшілік бірлік аумағындағы карантинді режимді қосу арқылы карантинді аймақты белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 30 маусымдағы N 190 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 11 тамызда N 2594 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы № 344 "Өсімдіктер карантині туралы" Заңының 9-1-бабы 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекциясы комитетінің Атырау облыстық аумақтық инспекциясының 2011 жылғы 3 наурыздағы № 06-13/317 ұсынысына сәйкес, облыс аумағын, өсімдік және өсімдік текті өнімдерін карантиндік объектілердің таралуынан қорғауды қамтамасыз ету және карантиндік объектілердің ошақтарын дер кезінде анықтау, оқшаулау және жою мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Атырау облысының әкімшілік бірлік аумағындағы карантинді режимді қосу арқылы карантинді аймақты белгілеу туралы шөпті жерлерге уекіреге (қызғылт) және арамшырмауыққа карантин белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.К. Айдарбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің  
міндетін атқарушы

Б. Дәукенов

# Атырау облысы әкімшілік бірліктерінің карантинді зонасындағы шөпті жерлерге уекіреге (қызғылт) және арамшырмауыққа карантин

## 1. Уекіре (қызғылт) бойынша карантин

№	Аудан	Округ	Ауыл шаруашылық құрылым	Шөп басқан алаңы, гектар
1	Атырау қаласы	Еркінқала	"Қызылжар" ШҚ	240
	Жиынтығы			240
2	Жылыой	Ақкиізтоғай	"Жаңатаң" АҚ	1000
		Жем	"Қызылқала" ШҚ	470
			С/о жері	1800
			"Мұрат" ШҚ	450
		Қараарна	С/о жері	1200
	Қосшағыл	С/о жері	100	
Жиынтығы			5020	
3	Индер	Бөдене	"Медет" ШҚ	458
		Елтай	"Шалқар" ШҚ	540
		Есбол	"Есбол" АҚ	617
		Көктоғай	"Көктерек" ШҚ	392
		Өрлік	"Бірлік" ШҚ	357
	Жиынтығы			2364
4	Қызылқоға	Жанкелді	С/о жері	850
		Миялы	"Жауқашты" ШҚ	300
		Ойыл	С/о жері	630
	Жиынтығы			1780
5	Құрманғазы	Калинин	С/о жері	10
	Жиынтығы			10
6	Махамбет	Ақжайық	"Дастан" ШҚ	670
			С/о жері	330
		Ақтоғай	"Алмас" ШҚ	150
			"Райхан" ШҚ	600
		Алмалы	"Раушан" ШҚ	50
		Алға	"Мұра" ӨК	400
			"Рашид" ШҚ	170
		Баксай	С/о жері	1200
		Бейбарыс	"Первомай" АҚ	1330
			С/о жері	110
Жалғансай	"Сейджанов" ШҚ	490		
Сарайшық	С/о жері	1000		
		Сартоғай	"Орал" ЖШС	190
	Жиынтығы			6690
Облыс бойынша жиынтығы				16104

## 2. Арамшырмауық бойынша карантин

№	Аудан	Округ	Ауыл шаруашылық құрылым	Шөп басқан алаңы, гектар
1	Құрманғазы	Киров	С/о жері	200
2	Махамбет	Сартоғай	"Орал" ЖШС	20
Облыс бойынша жиынтығы				220

Әріптік қысқартулардың толық жазылуы:

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

с/о – селолық округ;

ШҚ – шаруа қожалығы;

АҚ – акционерлік қоғам;

ӨК – өндірістік кооператив.